

**«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының  
№3 хаттамасы**

Астана қаласы

2016 жылғы 29 қаңтар

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «KEGOC» АҚ немесе Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік көш., 59-ғимарат.

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының өткізілген жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік көш., 59-ғимарат, 11 сағ. 30 мин.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Бектеміров Қ.Ә. шығып, құттықтау сөз сөйледі, ол жиналғандарға жиналыс Қоғам Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша 2016 жылдың 29 қаңтарына «Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын, сондай-ақ ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметті төлейтін «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымын айқындау туралы» күн тәртібі бойынша шақырылғанын хабарлады:

Жиналыс өткізу туралы ақпарат 2015 жылдың 26 желтоқсанда республикалық «Егемен Қазақстан» және «Казakhstanская правда» баспа басылымдарында және «KEGOC» АҚ сайтында жарияланған болатын.

Бектеміров Қ.Ә. Акционерлер жалпы жиналысының төралқасымен таныстырды:

1. Бектеміров Қуаныш Әбдугалиұлы – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. Репин Алексей Юрьевич – ірі акционер ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
3. Оспанов Серік Кеңесбекұлы – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
4. Рамазанов Ертай Бауыржанұлы – «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңының (бұдан әрі - Заң) 36-бабы, 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, «KEGOC» АҚ-ның Акционерлер жалпы жиналысымен Санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі айқындалған, оның төрағасы мен мүшелері сайланған.

Содан соң Бектеміров Қ.Ә. сөзді Санақ комиссиясының төрағасы Тоқубаев Шаяхмет Қажымұратұлына берді.

Тоқубаев Ш.Қ. қатысушыларға акционерлерді тіркеу мәселелерін және Жиналыс кворумы бойынша ақпаратты баяндады, акционерлердің құқықтары мен міндеттерін түсіндірді, бұдан басқа, егер де жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу тұсына акционерлер немесе соған қатысу және сонда дауыс беру құқысына ие, жиынтығында Қоғамның елу және одан асқан дауыс беруші акцияларын иелік акционерлер тізіміне енген солардың өкілдері тіркелсе, Жиналыстың күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы екендігін хабарлады.

Жиналысқа қатысқан барлық қатысушыларға күн тәртібі мәселелері бойынша түсініктеме жазбалар, шешім жобалары мен дауыс беру үшін бюллетеньдер тапсырылған болатын.

Тоқубаев Ш.Қ. қатысушыларға Қоғам тіркеушісі – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сай, 2016 жылғы 22 қаңтардағы ахуал бойынша жалпы орналастырылған акциялар саны 260 000 000 дана, олардың ішінен жайлары - 260 000 000 дана құрайтынын, артықшылық акциялардың жоқ екендігін хабарлады.

Жиналысқа Жиналыста қатысу және дауыс беру құқығына ие 35 (отыз бес) акционер қатысты. Акционерлер жиналысында тіркелген дауыстар саны 238 349 905 (екі жүз отыз сегіз миллион үш жүз қырық тоғыз мың тоғыз жүз бес) дауысты құрады, бұл акционерлер – Қоғамның орналастырылған акцияларының иегерлері иеленген 91,67 % жалпы дауыс санын құрайды.

### **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының кворумы бар.**

Директорлар кеңесінің төрағасы Бектеміров Қ.Ә. «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Серік Кеңсебекұлы Оспановқа сөз берді.

С.К. Оспанов құттықтау сөз сөйледі, «KEGOC» АҚ-ның акционерлеріне осы Жиналысты «ашық» деп санауды ұсынды.

Содан соң Заңның 48-бабы, 4-тармағына сәйкес, С.К. Оспанов акционерлерге күн тәртібі мәселелері бойынша «ашық» дауыс беру түрін ұсынды.

Талқылаудан кейін акционерлер «ашық» дауыс беру түрін айқындау туралы мәселесі бойынша дауыс беру шешімін қабылдады.

#### **Дауыс беру нәтижелері:**

«Жақ» – 34 дауыс;

«Қарсы» – 0 дауыс;

«Қалыс қалған» – 1 дауыс.

Дауыс беру - «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жүргізілді.

#### **ШЕШІМ қабылданды:**

Күн тәртібі мәселелері бойынша «ашық» дауыс беру түрі айқындалсын.

Жиналысты жүргізу үшін С.К. Оспанов жиналыстың төрағасы етіп ірі акционер ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Репин Алексей Юрьевичті сайлауды ұсынды.

#### **Дауыс беру нәтижелері:**

«Жақ» – 34 дауыс;

«Қарсы» – 0 дауыс;

«Қалыс қалған» – 1 дауыс.

Дауыс беру - «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жүргізілді.

#### **ШЕШІМ қабылданды:**

Жиналыстың төрағасы болып ірі акционер ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Репин Алексей Юрьевич сайлансын.

С.К. Оспанов одан әрі жалғастырды.

Заңның 1-бабы, 12-тармағына сәйкес, өз қызметі шеңберінде Қоғамның Корпоративтік хатшысы акционерлер жиналысының отырыстарын даярлау мен өткізуді бақылайды, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының мәселелері бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты Жиналыстың хатшысы етіп Қоғамның Корпоративтік хатшысы Рамазанов Ертай Бауыржанұлын сайлауды ұсынды.

**Дауыс беру нәтижелері:**

- «Жақ» – 34 дауыс;
- «Қарсы» – 0 дауыс;
- «Қалыс қалған» – 1 дауыс.

Дауыс беру - «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жүргізілді.

**ШЕШІМ қабылданды:**

Жиналыстың хатшысы болып Рамазанов Ертай Бауыржанұлы сайлансын.

Репин А.Ю. шығып сөйледі, ол акционерлерді құттықтады және сайлағаны үшін алғысын айтып, Акционерлер жалпы жиналысының төрағасы ретінде Жиналыстың мынадай өткізілу реттелімін хабарлады:

- Күн тәртібі мәселелері бойынша шығып сөйлеу – 10 минутқа дейін;
- дауыс беру түрі – ашық;
- дауыс беру – 3 минут;
- дауыстар жинау – 3 минут;
- дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жариялау – 10 минут;
- сұрақтар мен жауаптар – 10 минут.

Жиналыс төрағасы Репин А.Ю. Қоғамның Директорлар кеңесі қалыптастырған Жиналыстың «Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын, сондай-ақ ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметті төлейтін «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымын айқындау туралы» күн тәртібін айтып берді.

Жиналыс төрағасы Репин А.Ю. акционерлерге Жиналыс күн тәртібін өзгерту жөніндегі ұсыныстардың жоқтығы туралы хабарлай келе, Заңның 43-бабы, 3-тармағына сәйкес, «KEGOC» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы отырысының күн тәртібін бекіту туралы» мәселені дауыс беруге қойды.

**Дауыс беру нәтижелері:**

- «Жақ» – 234 009 717 дауыс;
- «Қарсы» – 0 дауыс;
- «Қалыс қалған» – 0.

Дауыс беру - «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жүргізілді.

**ШЕШІМ қабылданды:**

Мынадай Жиналыс күн тәртібі бекітілсін:

Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын, сондай-ақ ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметті төлейтін «Эрнст энд Янг» аудиторлық ұйымы айқындау туралы.

**Бірінші мәселе бойынша** Репин А.Ю. сөзді С.К. Оспановқа берді, ол мынаны хабарлады.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдары «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есептеу-қаржылық орталығы» ЖШС үшін 2016 мен 2018 жылдар аралығындағы кезеңге аудиторлық ұйымды таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беруші акциялары (қатысу бөліктері) тікелей немесе жанама «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік немесе сенімдіі басқару құқығында тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі тәртіпке сәйкес жүзеге асырылды.

Қоғам Аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссияға бірыңғай аудиторды таңдау рәсімін жүргізуге сұрау салумен үндеу жасады.

Бірыңғай комиссия аудиторлық ұйымдардың-конкурсқа қатысушылардың Қоғамның ұсынған талаптарына сәйкестігіне арналып тапсырған құжаттарына талдау жүргізген болатын.

Бірыңғай комиссияның бірыңғай аудиторды таңдау жөнінде жүргізген рәсімдерінің нәтижелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық ұйым ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС-н айқындау ұсынылды, өйткені осы компания бағасы мен сапасы бойынша Халықаралық аудит стандарттары мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық қызметтерді ұсынған.

Бұрын бұл мәселені «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі қараған. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің отырыс нәтижелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық ұйым ретінде Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС-н ұсыну, сондай-ақ ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметін ақысын белгілеу туралы шешім қабылданды.

Баяндалған ескеріле отырып, Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатындар:

1. Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС-н айқындау.

2. ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметін төлемін айқындау.

Репин А.Ю. қатысқан акционерлерден баяндамашыға сұрақтар бар болған жағдайда беруді өтінді.

Қатысқан акционерлер тарапынан сұрақтар түскен жоқ.

**Ұсынылған материалдарды қарай келе, Акционерлер жалпы жиналысының төрағасы Репин А.Ю. дауыс беруге «Аудиторлық ұйым ретінде Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС-н, сондай-ақ ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметін төлеуді айқындау туралы» мәселені қойды.**

Дауыс беру нәтижелері:

«Жақ» – 234 012 385 дауыс

«Қарсы» – 0 дауыс

«Қалыс қалған» – 0 дауыс

Күн тәртібіндегі мәселе мен ұсынылған материалдарды қарай келе, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 1-тармағына және 36-бабы, 1-тармағының 8) тармақшасына, «KEGOC» АҚ Жарғысының 21-бабы, 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, **Акционерлердің жалпы жиналысы ШЕШТІ:**

1. Қоғамның қаржылық есептілігіне 2016-2018 жылдар үшін аудитті жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС айқындалсын.

2. ҚҚС есепке алынбағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге мөлшерінде аудиторлық қызметті төлемақысы белгіленсін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Б.Т. Қажиевке Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте осы шешімнен шығатын қажетті шараларды қолдану тапсырылсын.

Төрағалық етуші Жиналыстың күн тәртібі аяқталғанын жариялады және акционерлерге, Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері мен шақырылғандарға қатысқандары үшін алғыс айтты.

Акционерлер жалпы жиналысының отырысы 12 сағат 10 минутта жабылды.

**Қоғам акционерлері жылдық жалпы  
Жиналысының хатшысы**

**Е. Рамазанов**

**Тәржімалаған**

**Б. Тобаяқ**